**«Боранкұл» бөбекжайы» ЖБҚ МКҚК –сы қызметкерлерінің отырысы**

**Хаттама № 2**

**Қатысқаны: 16** **Қатыспағаны:6**

**Күн тәртібінде қаралатын мәселелер:**

1.Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының сақталуын қатаң жауапкершілікке алу.

2.Мемлекеттік білім беру ұйымына бөлінген және жұмсалған қаржы туралы мәлімет «Ашық бюджет» үкімет порталына орналастыру.

3. Мереке күндері педагогтерге сыйлықтар алуға тыйым салу.

**I тыңдалды:**

Күн тәртібінің бірінші мәселесі бойынша Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының тармақтары қызметкерлерге таныстырылды. «Сыбайластыққа жол жоқ!» тақырыбында әдіскер А.Кыдырбаева баяндама оқып, нақты міндеттерін атап өтті. Заңсыздыққа жол бермеу мақсатында жауапкершілікпен жұмыс атқару міндеттелді. Заңға бағынбаған жағдайда қатаң жазаға тартылуы мүмкін екендігі ескертілді.

Мәселе бойынша тыңдаушылар тарапынан сұрақтар қойылған жоқ.

**II тыңдалды:**

Күн тәртібінің екінші мәселесі бойынша басшылық тарапынан мемлекеттік білім беру ұйымына бөлінген және жұмсалған қаржы туралы мәліметтер қызметкерлерге үнемі таныстырылып, есеп беріліп отыратынын айта келе алдағы уақытта осындай ақпарлама «Ашық бюджет» үкімет порталына да орналастырылып жариялайтынын хабарлады.

Тыңдаушылар тарапынан ұсыныстар айтылған жоқ.

**III тыңдалды:**

Күн тәртібінің екінші мәселесі бойынша мереке күндері педагогтерге сыйлықтар алуға тыйым салынатындығы туралы директор тарапынан мәліметтер берілді. Жалпы мерекелерде ата-аналар тарапынан педагогтер сыйлық алуға болмайтынын айта келе, алған жағдайда қатаң тыйым салынатыны туралы заңға сүйене отырып ескерту берілді.

Қаралған мәселелер бойынша педагогтер сөз алды:

А.Смайылова: Топтарда мерекелік шаралар жиі өткізіліп тұрады. Төл мерекемізде ата-аналар жанынан сыйлық алмадық. Себебі біздер, педагогтер тарапынан алдына ала ескертулер жасап отырамыз. Сыйлық алуға жол бермейміз.

Г.Жайкенова: Топтағы ата-аналарымызбен тығыз байланыста болып, қызу жұмыстар жүргіземіз. Олар үнемі ұйымшылдық танытып, іс-шараларға белсенді атсалысады. Бірақ, біз сыйлық алуға қарсымыз. Заңды сақтауға тырысамыз.

Ш.Ибраева: Педагогтердің айтқан пікірлеріне қосыламын. Ұжымда сыйлық алу , ақша жинау болған емес. Осы дағдыны қатаң ұстанады деп сенемін.

«Боранқұл» бөбекжайы» ЖБҚ МКҚК-сы бүгінгі күн тәртібінде қаралған мәселелерді қорыта келе қаулы етеді.

**Қаулы:**

1. Мемлекеттік білім беру ұйымына бөлінген және жұмсалған қаржы туралы мәлімет «Ашық бюджет» үкімет порталына орналастырылсын.

2. Мереке күндері педагогтерге сыйлықтар алуға тыйым салынсын.

**Отырыс төрайымы:** **С.Динбаева**

**Хатшы:** **А.Кыдырбаева**